

Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 818 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес шегіне жалпы ауданы 88000 гектар Алматы облысының Қонаев қаласы, Іле және Талғар аудандары жерінің бір бөлігін енгізе отырып, Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы "Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы" Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 26-135 бірлескен шешіміне және Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 299 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі


О. Бектенов

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2024 жылғы 4 қазандағы
№ 818 қаулысына
қосымша

Алматы облысы Алатау қаласының шекарасына енгізілетін жердің экспликациясы

оның ішінде гектар:							
				өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, ерекше қорғаныс, қорғалатын табиғи ұлттық аумақтар, қауіпсіздік аумақтар, ядролық сауықтырғыш аймағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер			
елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық округтердің) жері	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер				орман қорының жері	су қорының жері	

Р/с №	Аудандар мен қалалардың атауы	Жалпы жер ауданы (гектар)			ығына арналмаған өзге де жер				босалқы жерлер
1	Қонаев қаласы	10962	810,7899	2865,1064	2924,2898	50,0251	445,185	2303,145	1563,454
2	Іле ауданы	64985	2990,8968	45152,9732	8852,1196	-	37,9	3994,031	3957,08
3	Талғар ауданы	12053	145,9942	8305,8326	223,2452	-	-	315,141	3062,79
4	Барлығы	88000	3947,6809	56323,9122	11999,6546	50,0251	483,085	6612,317	8583,324



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК